

**НҰР – СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
МКҚ «БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ»
НҰР – СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІ
№65 МЕКТЕП -ГИМНАЗИЯСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН 5-ШІ ОРЫС
СЫНЫБЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ**

НҰР-СҰЛТАН, 2021

Нұр-Сұлтан қаласы №65 мектеп-гимназиясында әдістемелік бірлестіктің отырысында қаралып, қалалық ғылыми-әдістемелік кеңеске ұсынылды
(Хаттама № 3 30.04.2021 жыл)

Пікір берушілер:

«Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ» КеАҚ PhD докторы, «Абай академиясы» ҒЗИ бөлімінің бастығы Кішкенбаева Ж.К.

Шығыс Қазақстан облысы «№7 Жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі» КММ. Жоғары санатты, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Шалаганова Г. К.

Құрастырушы: Актайлакова Д.Г. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 5-ші орыс сыныбына арналған жұмыс дәптері – Нұр – Сұлтан, 2021. – 48 б.

Жұмыс дәптерінде оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, шығармашылық тапсырмалар мен сыни тұрғыдан ойлау жобасының элементтері қолданылған. Өздігінен жұмыс жасауға арналған тапсырмалар, тірек сөздер, ережелер, мәтіндер, постер жасау, диаграммалар, нәтиже сабақ және оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланыс әдістері берілген.

Жұмыс дәптері қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулықтың «Бәйшешек» деп аталатын бөліміне, жаңартылған білім беру мазмұны аясында құрастырылған.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----------|
| АЛҒЫ СӨЗ..... | 3 |
| I. ОТБАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР | |
| 1.1. Қазақ отбасының дәстүрлері..... | 4 |
| 1.2. Атам төрде отырады | 6 |
| 1.3. Табалдырықты баспа!..... | 9 |
| 1.4. Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда... .. | 10 |
| 1.5. Атам бата береді..... | 12 |
| 1.6. Әкеліңіз көмектесейін! | 14 |
| II. МЕКТЕП ӨМІРІ | |
| 2.1. Менің мектебім..... | 17 |
| 2.2. Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті екінші қабатта. | 19 |
| 2.3. Сүйікті жазушы | 21 |
| 2.4. Қожа-әдепті бала | 25 |
| 2.5. «Менің атым-Қожа» | 27 |
| III. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАН- ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ | |
| 3.1. Қызыл кітап | 31 |
| 3.2. Қызғалдақты сақтайық! | 32 |
| 3.3. Қасқыр мен тиін..... | 34 |
| 3.4. «Қазақстан барысы»..... | 35 |
| 3.5. Түлкімен қырғауыл | 37 |
| 3.6. Тауды мекендейтін аң-құс..... | 38 |
| IV. ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕР МӘДЕНИЕТІ | |
| 4.1. Көшпелілер туралы түсінік..... | 40 |
| 4.2. Алтын адам | 41 |
| V. СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ | |
| 5.1. Сусыз өмір жоқ..... | 42 |
| 5.2. Судың пайдасы..... | 43 |
| VI. ӘЛЕМДЕГІ ІРІ КІТАПХАНАЛАР | |
| 6.1.Кітап -бағалы сыйлық..... | 44 |
| 6.2. Абай. Ғылым таппай мақтанба..... | 45 |
| 6.3. Нәтиже сабақ..... | 46 |
| Пайдаланылған әдебиеттер | 48 |

ҚҰРМЕТТІ ЖАС ДОСТАР!

Сіздердің қолдарыңызға алған жұмыс дәптеріндегі кездесетін материалдар жаңартылған бағдарламаның талаптарына сәйкес жасалған. Сызба, кестерлер, жасырынған сөздерді орнына қою, мәтіндердің мазмұнын қысқаша айту, өздігінен жасауға арналған тағыда басқа жұмыс түрлері берілген.

Ұлттық тәрбие арқылы тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытуға арналған тақырыптар отаншылдыққа баулиды. Атап айтқанда, «Отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер», «Мектеп өмірі», «Қазақстандағы жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі», «Ежелгі көшпенділер әлемі», «Абай. Ғылым таппай мақтанба» тақырыптарында қызықты ақпараттармен танысасыздар.

Олай болса, сіздер қазақ тілін меңгеру арқылы айналаңдағы достарыңызбен жақын араласасыздар, сөйлеу үлгілерін қолдануды да үйренесіздер. Тілді білу арқылы сіздің танымыңыз кеңейеді, есте сақтау қабілеті мен белсенділіктеріңіз де артады. Тапсырмалар арқылы ойыңыз, қабылдау қабілетіңіз, сөздік қорыңыз дамиды. Осындай әр түрлі өзі жеңіл, әрі қызықты орындалатын жұмыстар арқылы білімдеріңізді шыңдайсыздар.

Еліміздің болашағы сіздердің қолдарыңызда. Білім мазмұнын жаңарту арқылы-сапалы білім мен болашақ өміріңді жоспарлауға бағыт-бағдар аласыздар.

Жас достарым, түрлі тапсырмаларды қатесіз орындау арқылы сөздік қоры мол, қазақ тілінде өз ойларыңызды жеткізе алатындай боласыздар. Бәрі өз қолдарыңызда!


Білім жолындағы сапарларыңыз сәтті болсын!

1. ОТБАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР

1.1. Қазақ отбасының дәстүрлері

Жазылым.

1-тапсырма. Диаграммаға отбасы мүшелеріне байланысты туыстық атауларын жазып толтырыңыз.



2-тапсырма. Диаграманы пайдаланып, өз отбасың туралы мәтін құрастырып жазыңыз.

Тілдік бағдар. Тәуелдік жалғауының жекеше түрі.

| Жақ | Оңаша тәуелдеу | | |
|-------------|----------------|----------------------------------|--|
| 1-жақ | Менің | -м, -ым, -ім | отбасы+м, ана+м, бала+м, дос+ым, іні+м |
| 2-жақ | Сенің | -ң, -ың, -ің, | отбасы+ң, әже+ң, дос+ың, қағаз+ың |
| Сыпайы түрі | Сіздің | -ңыз, ңіз, ыңыз, -іңіз | отбасы+ңыз, гүл+іңіз, су+ыңыз, |
| 3-жақ | Оның | -сы, -сі, -ы, -і | дос+ы, іні+сі, гүл+і |

Айтылым. 3-тапсырма. Жағдаят.

Бір-бірлеріңізбен қалада кездестіңіздер. Амандасыңыздар, танысыңыздар. Өз отбасыңыз туралы қысқаша таныстырып айтыңыз.

Сәлеметсің бе!
Кел, танысайық!
Өте жақсы! Тамаша! қуаныштымын!
Отбасым тату. Шағын. Үлкен.
Отбасыңда неше адам бар?
Атам мен әжем - зейнеткерлер.


Жазылым. 4-тапсырма. Берілген сөздерді жекеше түрде тәуелдеп жазыңыз.

Үй, аға, дәптер, іні.

| Жақ | Оңаша тәуелдеу | |
|-------------|----------------|--|
| 1-жақ | Менің | |
| 2-жақ | Сенің | |
| Сыпайы түрі | Сіздің | |
| 3-жақ | Оның | |

| Жақ | Оңаша тәуелдеу | |
|-------------|----------------|--|
| 1-жақ | Менің | |
| 2-жақ | Сенің | |
| Сыпайы түрі | Сіздің | |
| 3-жақ | Оның | |

| | | |
|--------------------|-----------------------|--|
| Жақ | Онаша тәуелдеу | |
| 1-жақ | Менің | |
| 2-жақ | Сенің | |
| Сыпайы түрі | Сіздің | |
| 3-жақ | Оның | |



| | |
|-------------|--|
| Баға | |
|-------------|--|

1.2. Атам төрде отырады

1-тапсырма. Жаңылтпашты дұрыс айтып үйреніңіз.

| | |
|---|---|
| <div style="border: 1px solid black; border-radius: 15px; padding: 10px; background-color: #d9ead3;"> <div style="text-align: center; border: 1px solid black; width: 30px; margin: 0 auto; padding: 2px;">А</div> <p>Арқада алты арқар бар, Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марқа арқар бар.</p> </div> | <div style="border: 1px solid black; border-radius: 15px; padding: 10px; background-color: #d9ead3;"> <div style="text-align: center; border: 1px solid black; width: 30px; margin: 0 auto; padding: 2px;">Ә</div> <p>Әбдіреде әбігер әтеш отыр. Әбігер әтеш отырған Әбдірені әжем ашып жатыр.</p> </div> |
|---|---|

Жазылым.

2-тапсырма. Суретке қара. Шағын мәтін құрастырып жазыңыз.



<http://ushtagan.kz/makala/432>

Оқылым. 3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Менің атым-Нұрлан. Менің атам мен әжем бар. Олар ауылда тұрады. Ауылда қой,ешкі,сиыр,жылқы бар. Атамның аты-Ертілек. Ол- зейнеткер. Мен атам мен әжеме көмектесемін, оларды жақсы көремін. Қазақ отбасында атаның орны ерекше. Атамызды сыйлаймыз, ол міндетті түрде төрде отыруы керек. Төрде қарттар, одан төмен жастар отырады. Үлкендерді сыйлау - біздің міндетіміз әрі парызымыз.

Жазылым . 4-тапсырма. Мәтіннен кім? не? сұрағына жауап беретін сөздерді теріп жазыңыз.

| Кім? | Не? |
|------|-----|
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |

5-тапсырма. Мәтіннен тәуелдік жалғау бар сөзді тауып жазыңыз.

| |
|--|
| |
| |
| |
| |

Оқылым. 6-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Төр

Төр қонақ бөлменің жоғарғы жағы. Ол жасы үлкен адамдар қонақтар отыратын сыйлы орын. Қазақ үйге келген қонақты «төрлетіңіз» «төрге шығыңыз» деп отырғызып құрмет көрсетеді. Қазақ халқында дастарханға үлкендерден бұрын отыру ұят болып саналатын. Себебі алдымен ақ сақалды ата мен ақ шашты әжені сыйлап төрден орын береді. Үлкен кісілер көпті көрген сыйлы кісілер. Қазақта төріңнен қарт кетпесін деген сөз бар. Себебі қарт тілегін айтып, батасын береді.

Жазылым. 7-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

| | |
|---|--|
| Үйге келген қонанақты қалай қарсы аласың? | |
| Дастарханға шақырылған қонақтар қай жерге отырады ? | |
| Төр деген не? | |

| | |
|--|--|
| | |
| Қазақта үлкен кісілерге айтылған қандай сөз бар? | |
| Батаны кім береді? | |

КЕРІ БАЙЛАНЫС

| | | |
|--------------|-----|-------------------|
| Мен | ... | үйрендім |
| Мен | ... | білдім |
| Маған | ... | қиын болды |

| | |
|-------------|--|
| Баға | |
|-------------|--|

1.3. Табалдырықты баспа!

Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Қою қаріппен жазылған сөздердің аудармасын тауып жазыңыз.

Қазақ халқында **табалдырық** – қасиетті ұғым. Ол – үйдің сырты мен ішінің **шекарасы**, байлық пен **кедейліктің** де шекарасы. Табалдырық – бақыт пен жақсылықтың **қарауылы**. «Табалдырықты баспа, бақыт қашады», «Табалдырықта тұрма, үйге келетін жақсылықты қайтарма», «Табалдырықта тұрып, кедейлікті шақырма, жаман ырым бастама» деген тыйым сөздер жай айтылмаған. Табалдырық – бақыттың белгісі. Табалдырығыңнан **құтсыз** адам аттаса, кедей боласың, құтты адам аттаса, бай боласың. Сондықтан жас келін алғаш табалдырықтан кіргенде жақсы **ырым** жасалады. Оған шашу шашып, құт шақырып, оң аяғымен «Бісмілла!» – деп кіргізеді.

| | |
|--------------------|--|
| табалдырық | |
| қасиетті | |
| ұғым | |
| шекарасы | |
| кедейліктің | |
| қарауылы | |
| құтсыз | |
| ырым | |

Жазылым. 2-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Табалдырық деген қандай ұғым?
2. Табалдырыққа байланысты қандай тыйым сөздер бар?
3. Ол ненің белгісі?

1.4. Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда...

Тоқта, ботам!
Атаң келеді артыңда!
Бұр мойныңды қалжыраған қарт ұлға.
Сенің сәби сәттеріңнің мысқалын
Айырбастап ала алмай жүр алтынға.
Тоқта, ботам!
Атаң келеді артыңда!
Жүзе жүріп, жүз құбылған сағымда,
Жастық дейтін көктеменің шағында,
Өскен едік сенің анаң екеуміз
Осы қарттың мәпелеген бағында.
Қарттың бағын жайлайтынбыз иен тегін,
Тыңдайтынбыз алуан-алуан ертегін.
Жинап алып жүрер еді жарықтық
Күллі ауылдың елтеңі мен селтеңін.
Ей, болашақ! Қарт келеді зиялы,
Кейімесін ата-қыран ұялы.
Сен сыйласаң, сәби шақтың бір сәтін,
Атаң саған ұзақ өмірін қияды.
Ақылына айырбаста күлкінді,
Қайтесің сол күлкі дейтін шіркінді?!
Бейқам күліп өспеген соң өз басым,
Бос күлкіні ұнатпаймын бір түрлі...
Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда.
Дария шалқар даналығын ал, тыңда!
Сенің сәби сәттеріңнің мысқалып
Айырбастап таба алмай жүр алтынға.
Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда!

(М. Мақатаев)

Айтылым. 1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ән кімге арналған?
2. Бұл әннің сөзін, әнін кім жазған?
3. Өскенде кім боламын деп ойлайсыз?

Жазылым. 2-тапсырма. Грамматикалық тапсырма. Мәтін ішінен тауып жазыңыз.

| зат есім | сын есім | етістік |
|----------|----------|---------|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

Жазылым. 3-тапсырма. Берілген сөздерге фонетикалық талдау жасаңыз.

| Табалдырық | шашу | ырым |
|------------|------|------|
| | | |

Есте сақтаңыз!

| Дауысты дыбыстардың түрлері | | | | | |
|-----------------------------|-------------|-----------------------|-------------|------------------------|----------------|
| Тілдің қатысына қарай | | Жақтың қатысына қарай | | Еріннің қатысына қарай | |
| Жуан | Жіңішке | Ашық | Қысаң | Еріндік | Езулік |
| А,о,ы,ұ, у | ә,ө,і,у,е,и | А,ә,е,о,ө,э | Ы,и,і,ұ,ү,у | О,ө,ү,ұ,у | А,ә,е,э,ы,і, и |

Кері байланыс

Нені білдім?

Қай тапсырма оңай болды?

Қай тапсырма қиын болды?

Қай тапсырма сені қызықтырды?

Баға

1.4. Атам бата береді

Оқылым. Жазылым.


1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Батаның түрлерін теріп жазыңыз.

Ғасырдан-ғасырға ұласып, бізге жеткен асыл қазына- ауыз әдебиетінің арналы бір саласы. Батаны халқымыз киелі тілеу деп бағалайды. Оған дәлел: « Бата-сөздің анасы», « Атаңнан бота қалмасын, бата қалсын», «Ботаның құны бір-ақ жұт, бата- балаға мәңгі құт», «Баталы ер арымас, батасыз ер жарымас». Бата түрлері: Ұлыстың ұлы күні берілетін баталар, сапарға бата, дастарқан батасы, соғым батасы, тұсау кесер бата, әскерге баратын жастарға,туған күнге бата, қыз балаға бата, ұл балаға бата, жас жұбайларға бата, ұзатқан қызға бата.

Бата қазақ халық ауыз әдебиетіне жатады. Батаны үлкен адам береді. Оны айтқанда қол жаяды. Қол жаю осы айтылған сөздер менің қолыма түссін дегенді білдіреді.

Бата өмірдегі өте маңызды жағдайларға айтылады. Батада табыс пен жетістік болсын деп тілейді. Батаның тәрбиелік мәні зор.

Жазылым. 4-тапсырма. «Бата» сөзіне постер жасаңыз.




1.5. Әкеліңіз көмектесейін!

Жазылым. 1-тапсырма. Мына сөздерді жекеше түрде тәуелдеп жазыңыз.

Бала, дәптер, үлкен

Жазылым. 2-тапсырма. Кластер толтырыңыз.



Айтылым. 3-тапсырма. Мақал-мәтелдердің жалғасын екінші бағаннан тауып, мағынасын түсіндіріңіз.

| Мақал-мәтел | Жалғасы |
|------------------------------|---------------------------------|
| 1. Ата-анаңды сыйласаң,... | 1. есіктегі басын төрге сүйрер. |
| 2. Ата тілін алмаған ... | 2. көп жасарсың. |
| 3. Ана сүтін ақтамағанды .. | 3. аман болып көп жүрмес. |
| 4. Атадан жақсы ұл туса, ... | 4. ешкім мақтамайды. |

Жазылым. 3-тапсырма. Сөйлемді мағынасына қарай толықтырып жазыңыз.

Мен айтқанын тыңдаймын. Отбасында бірінші орында тұруы керек.

Сәлем анасы.

Әкем маған ылғи дейді.

Қажетгі сөздер: жақсыдан үйрен, сөздің, сыйластық, анамның


4-тапсырма. Есте сақтаңыз!



| | |
|------------|--|
| Жалпы есім | Қала, өзен, тау, кісі |
| Жалқы есім | Алматы, Ертіс, «Абай жолы» романы т.б. |
| Негізгі | Ат, бата, әже, жапырақ, бала т.б |

Рефлексия.

«Күзгі жапырақтар» рефлексиясы арқылы сабақты бекіту. Жасыл жапырақтарға сабақты толық түсінген оқушылар жазады. Сары жапыраққа жартылай түсінген оқушылар, ал қызыл жапыраққа сабақ барысын түсінуде қиналған оқушылар жазады.



Нәтиже сабақ

Жазылым.

1-тапсырма. Диаграмманы толтырыңыз.



1. Тест.

1. Туыстық атауға қатысты жоқ сөзді табыңыз.

- А) ата, әже, бала
- Б) көрші, сырлас, ұстаз
- В) жиен, бөле, нағашы
- Д) балдыз, құда, жеңге

2. Батаны кім береді, белгілеңіз.

- А) ата
- Б) ұстаз
- В) бөле
- Д) жеңге

3. Бата, тәрбие сөзіне фонетикалық талдау жасаңыз.

4. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңыз.

| Қандай ой пайда болды? | Не сезіндім? | Не ұнады? |
|------------------------|--------------|-----------|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

| | |
|-------------|--|
| Баға | |
|-------------|--|

II. МЕКТЕП ӨМІРІ

3.1. Менің мектебім

Оқылым. Жазылым.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, қою қаріппен жазылған сөздерге фонетикалық талдау жасаңыз.

Інімнің аты-Әнуар. Ол-оқушы. Інім екінші **сыныпта** оқиды. Бір күні інім ауырды. Әкем інімді дәрігерге апарды. Әсем-емханада дәрігер. Ол Әнуарды қарады, **дәрі** жазып берді. Дәрілерді әкем дәріханадан сатып әкелді.


2-тапсырма. Жұмбақты шешіңіз.

Қабат-қабат қаттама,
Ақылың болса, аттама
(К...п)

Теңіздей терең,
Сүңгіген жетер әрең.
(Б...м)

Жылжытады алға бізді,
Жылжымайды бірақ өзі.
(С...п)

Жазылым. 3-тапсырма. Берілген сөздерге көптік жалғауын жалғаңыз.
Өшіргіш, кітап, қағаз, сөре, оқулық, дәптер, қалам, қарындаш, сөмке,
сурет, дәптер.



Рефлексия.

«Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестені толтырыңыз.

| Маған ой пайда болды? | Не сезіндім? | Не ұнады? |
|-----------------------|--------------|-----------|
| | | |

| | |
|------|--|
| Баға | |
|------|--|

3.2. Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті екінші қабатта

оқылым. Жазылым. 1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиіс сөздерді қойып, мәтінді оқыңыз.

| |
|---|
| Мен №65 мектеп-гимназиясында оқимын. Менің сынып жетекшім _____ . Үйім мектептен алыс емес. Мектепке жаяу барамын. Мектебім жаңадан салынған, үш _____ . Мектеп іші кең, жарық және таза. |
| Кабинеттеріміз қазіргі _____ сай жабдықталған. Бірінші _____ екі спорт зал бар. |
| Керекті сөздер: қабатты, талапқа, қабатта. |

2-тапсырма. Мәтіннен төмендегі сызба бойынша сөз тіркестерін теріп жазыңыз.

Үлгі: мектепте оқимын.

| | |
|----------------------------|--|
| Зат есім + етістік | |
| Сан есім + зат есім | |
| Сын есім+зат есім | |

3-тапсырма. Берілген сөздердің аудармасын жазыңыз. Көптік жалғауларын белгілеңіз.

| | |
|------------|--|
| Кабинеты | |
| Учителя | |
| Ученики | |
| Библиотека | |
| Столовая | |
| Двор | |

4-тапсырма. Сызбаны толтырыңыз.

| | |
|--------------------------------|---------------------------------|
| Езулік дауысты дыбыстар | Еріндік дауысты дыбыстар |
| | |

Айтылым. 5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.


- Сенің досың бар ма?
- Оның аты кім?
- Досың неше жаста?
- Нешінші сыныпта оқиды?

- Ол қалай оқиды?
- Оның мінезі қандай?
- Ол қандай дос?

6-тапсырма. Өзіңіздің сүйікті мектебіңіздің суретін салыңыз және шағын мәтін жазыңыз.

Рефлексия.

«Күзгі жапырақтар» рефлексиясы арқылы сабақты бекіту. Жасыл жапырақтарға сабақты толық түсінген оқушылар жазады. Сары жапыраққа жартылай түсінген оқушылар, ал қызыл жапыраққа сабақ барысын түсінуде қиналған оқушылар жазады.



| | |
|-------------|--|
| Баға | |
|-------------|--|

3.3. Сүйікті жазушы

Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз.



Балалардың сүйікті жыршысы - Мұзафар Әлімбаев.

Мұзафар Әлімбаев 1923 жылы Павлодар облысы

Шарбақты ауданы Маралды аулында дүниеге келген. Қазақ ақыны, публицист, әдебиет зерттеушісі, аудармашы. 1978 жылы Қазақ КСР-ң Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атанды. Қаз КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1984). Ұлы Отан соғысына қатысқан. М. Әлімбаев балалар әдебиетіне ерекше еңбек сіңіріп келеді. Оның «Бал дәурен, шіркін балалық», «Ақсерек пен Көксерек» т.б. сондай кітаптары оқырмандар қауымына кеңінен танымал. 1982 жылы «Аспандағы әпке» жинағы үшін ҚазКСР Мемлекеттің сыйлығы берілді. М. Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің қатардағы қаламгері ғана емес. Ақын, прозашы, аудармашы, сыншы, жинақшы, ұйымдастырушы. М.Әлімбаев мақал – мәтелдерді жинау, зерттеу, басқа халықтар мақалдарын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен де айналысқан. «666 мақал мен мәтел», «Мақал – сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз – ортақ қазына», т.б. жинақтар мен зерттеу еңбектері бар. Жазушының өлеңдері 38 тілге аударылған.

Жазылым. 2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыз.

3-тапсырма. Берілген синонимдерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңыз.

қауым-көпшілік; танымал-таныс; қаламгер-жазушы; ерекше-айрықша, өзгеше

Айтылым. Жазылым. 4-тапсырма. Балалардың сүйікті жыршысы - Мұзафар Әлімбаев туралы қысқаша мазмұнын айтыңыз. Сызбаны толтырыңыз.

| Мұзафар Әлімбаев | | | |
|------------------|-------------|------------|----------------|
| Ақын... | Мәдениет... | Балалар... | Мемлекеттік... |
| | | | |
| | | | |

Жазылым. 5-тапсырма. Мәтін бойынша хронологиялық кесте жасап жазыңыз.

Оқылым. Жазылым. 6-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, жоспар құрыңыз, мазмұндама жазыңыз.

Өкпелеген үлесінен құр қалады

Қоян-ата көжектеріне көп сәбіз әкеп, бір-бірден бөліп берді. Ең кенжесі сұр көжек:

– Маған қотыр сәбіз бердің, – жемеймін деп ұртын бұртитты. Жуантық түп жағында бұршақтың үлкендігіндей ғана екі-үш бүртігі бар сәбізді басқа бір көжек қағып алды да, бір-ақ асады. Сұр көжек аш қалды. Атасы оған: – Солай, балам... «Өкпелеген үлесінен құр қалады», – деді.
(Мұзафар Әлімбаев)

Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Бердібек Соқпақбаев

(1924-1991)



Бердібек Соқпақбаев — қазақ балалар жазушысы. Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы Алматы облысы Нарынқол ауданы Қостөбе ауылында дүниеге келді. Ата-анасынан ерте айрылған ол кісілердің қолында жүрген. Балалық шағындағы басынан өткен қиындықтар мен жоқшылық жайлы «Балалық шаққа саяхат» кітабында бейнеленген. 1950 жылы «Бұлақ» атты тұңғыш жинағы шықты. Балаларға арнап «Менің атым Қожа», «Аяжан», «Гауһар» т.б. повестер, «Кездесу», «Бозтөбе» поэмаларын жазған. «Қазақфильм» студиясында «Менің атым Қожа» повесі бойынша фильм түсірілді. Абай атындағы Қазақ педагогтық институтының филология факультетін бітірген. Бірнеше жыл ауылда мұғалім болып еңбек етті. «Қазақфильм» киностудиясында редактор болып, «Қазақ әдебиеті», «Балдырған» басылымдарында қызмет етті. Кейін Қазақстан жазушылар одағында балалар әдебиеті бойынша әдеби консультант қызметін атқарды. Шығармалары: «Чемпион» повесі (1951); «Алыстағы ауылда» повесі (1953); «Менің атым Қожа» повесі (1957); «Балалық шаққа саяхат» повесі (1960); «Өлгендер қайтып келмейді» романы (1967 — 1 т., 1974 — 2 т.); «Қайдасың, Гауһар?» (1966). Оның сценаріі бойынша 1967 жылы қойылған «Менің атым - Қожа» фильмі Францияның Канн қаласында жасөспірімдерге арналған халықаралық кинофестивалінің жүлдесіне ие болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

<https://youtu.be/bp9MROs6was>

Айтылым.Жазылым. 2-тапсырма. Балалардың сүйікті жазушысы – Бердібек Соқпақбаев туралы қысқаша мазмұнын айтыңыз. Сызбаны толтырыңыз.

| Бердібек Соқпақбаев | | | |
|---------------------|--------------|---------------|-------------|
| Туған жылы | Балалық шағы | Тұңғыш жинағы | Шығармалары |
| | | | |
| | | | |

Есте сақтаңыз!

Тұйық етістік етістіктің түбіріне **-у жұрнағын** қосу арқылы жасалады.

Мысалы: сұра-у, ойла-у, жаз-у, бар-у, тыңда-у.

Жазылым. 3-тапсырма. Сөздердің аудармасын жазыңыз.

| | |
|-----------------|--|
| Жазды- | |
| Бітірді- | |
| Тұңғыш- | |
| Жүлде- | |

Рефлексия.

«Күзгі жапырақтар» рефлексиясы арқылы сабақты бекіту. Жасыл жапырақтарға сабақты толық түсінген оқушылар жазады. Сары жапыраққа жартылай түсінген оқушылар, ал қызыл жапыраққа сабақ барысын түсінуде қиналған оқушылар жазады.



Баға

3.4. Қожа-әдепті бала

1-тапсырма. «Менің атым –Қожа». (кіріспе) үзіндіні оқып, мазмұнын айтып беріңіз.



Оллаһи, мақтанғаным емес, достарым, шындықты айтып отырмын - әттең жазушы болсам деген арман менің көкейіме ерте ұялады. Үшінші, төртінші кластарда оқып жүргеннің өзінде-ақ ақындық даңқым мектептен асып, бүкіл ауылға жайылды, "ақын бала" атана бастадым. Бұл сөз бастапқы кезде менің жаныма тікендей қадалушы еді. Сосын мен мынандай ойға келдім. Талант деген адамға туа бітетін нәрсе. Мен оны ешкімнен сұрап немесе ұрлап алған жоқпын ғой. Олай болса, тағдыр басқа салған соң көнбеске амалым қанша. Жалпы, үлкен ақындар өлеңді тек шабыты келгенде ғана жазатын көрінеді ғой. Ал менің шабытым қашанда қаламымның ұшында жүретін секілді. Тек уақыт тауып отырсам болды, көсілтіп жазып тастаймын. Ол ол ма, кейде тіпті жаңа бастаған дәптерді тез толтыруға асық болып, бүгін пәлен шумақ өлең жазамын деп, жоспарлап алып та жазамын. Адам деген өседі ғой. Мен көне-көрнеу шарықтап өсе бастадым. Өлеңдерім класс, мектеп қабырға газеттерінде тоқтаусыз жарияланатын болып алды. Тіпті мен өзім ұсынғанды қойып, олар өздері жалынып сұрайтын дәрежеге жеттім. "Май туралы бір өлең жазып бере қойшы",- дейді. "Неше шумақ болсын?" "Төрт шумақ", "Жарайды". Сабақ үстінде отырып-ақ жазып тастаймын. "Тәртіп жөнінде бір өлең жазып бере қойшы ". "Класта қалғып отыратындар жөнінде бір сықақ өлең сүйкеп жібермес пе екенсің? Бірақ бастан-аяқ жағымсыз болып жүрмесін. Әуелі қалғымай сергек отыратын бір баланы сипаттап ал". Мінекей, осы секілді заказдар отряд, класс қабырға газеттерінен қарша борап түсетін болды... .

Сөздік.

оллаһи-честное слово; клянусь

ТЖ. 2-тапсырма. Топқа бөлініп, «Көріністер әлемінде» ойынын қолдана отырып, кейіпкерді көрініс арқылы сахналаңыз.

3-тапсырма. Мәтінді оқып, деңгейлік тапсырмаларды орындаңыз.

III деңгей

1. Мәтін бойынша бес сұрақ дайында.
2. Мәтіннің мазмұнын айтып бер.
3. Мәтіннен тұйық етістік болатын етістіктерді теріп жаз.

II деңгей. Мәтіннен тауып, көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жазыңыз.

1. Талант деген туа бітетін нәрсе.
2. Менің шабытым қашанда ұшында секілді.

4-тапсырма. "Төрт шумақ" қолданып, Қожаның қандай арманы болғаны туралы өлең құрастырып жазыңыз.

2.5. «Менің атым-Қожа»

1-тапсырма. Берілген синонимдерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңыз.

| | |
|------------|---------------------|
| Бет-әлпет- | бет-бейне, бет-жүзі |
| аты-жөнім- | есімім |
| сұңғақ- | бойшаң |
| сыйпаттау- | әсерлеу |
| қал- | мең |
| домалақ- | дөңгелек |
| тарау- | тармақ, сала. |
| қатты шаш- | қайратты шаш |

2-тапсырма. «Менің атым –Қожа» үзіндіні оқып, мазмұнын айтып беріңіз.



Сөйтіп, мен сендерге өзімнің аты-жөнімді айттым. Ал көркем шығармада кейіпкердің кім екені аталып қана қоймай, сырт бейнесі қоса сыйпатталатын дәстүр бар ғой. Енді соған көшейін. Тоқтаңыз, бұл үшін әуелі өзімді өзім айнадан байыптап қарап алайын... Мынау, міне, мұрным. Әжем кейде менің атымды атамай "тапмыш неме" дейді. Оның айтқаны ып-рас екен ғой. Екі танауыма екі саусағым еркін сыйып кетерлік, қосауыз мылтықтың аузындай үңірейіп тұр. Екі шекемнің шығыңқылығы болмаса, басым қарбыз тәрізді доп-домалақ, тап-тақыр. Шашымды Әубәкір шал кеше ғана ұстарамен сыпырып алып тастаған.

Ох, менің шашым! Қаттылығы, қайраттылығы шошқаның қылшығынан бір кем емес. Осы ауылда оны алуға жарайтын бір ғана ұстара бар - ол Әубәкірдікі. Оның өзі де алғаш салған бетте тұтқырланып, жүрмей қалады. Шашымды ор алған сайын Әубәкір мені бірінші рет кездестірген адамдай таң қалып бітеді.

- Япыр-ай, мұндай да шаш біте береді екен-ау! Мынау шаш емес, тікенек қой. Тікенек. Мінезіңнің шатақтығы осыдан-ақ көрініп тұр.


Сипатталмаған енді нем қалды? Қаралығымды әуел баста-ақ айтқанмын. Сол жақ құлағымның астына таман бір түйір қалым бар. Батшағардың бітпейтін жерге бітуін қарашы. Одан да бетімнің ұшына таман болсашы. Сонда әдемірек көрінер ме едім. Бір азуымды былтыр... жә, оны айтудың қажеті де болмас. Кімнің тісін құрт жемейді дейсің және ол былай қарағанда көрінбейді де.

Ал бойымды біреулер орта бойлы дейді. Әжем болса, әкең тәрізді сұңғақ боласың дейді. Кімдікі рас екенін құдайым білсін. Өткен күзде мектепте дәрігер қарап өлшегенде, бір жүз отыз тоғыз сантиметр шыққан едім. Егер шашым болса, жүз қырық шығуы сөзсіз еді. Тақыр бас жүргеннің осындай залалы да бар. Жасым он екіде. Бесінші класты бітіріп отырмын.

Повестің бірінші тарауын осымен доғарамын да, келесі тарауға көшемін...

Қосымша: <https://youtu.be/yQa1xX0FKPs>

Жазылым. 3-тапсырма. «Жылы лебіз» Өз атыңыздан Қожаға арнап хат жазыңыз.



4-тапсырма. Қожаның сырт-бейнесін сыйпаттап жазыңыз.



Жазылым. 5-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

| Жай шырай | Салыстырмалы шырай | Күшейтпелі шырай | Асырмалы шырай |
|-----------|--------------------|------------------|----------------|
| Аласа | аласалау | ... | ... |

| | | | |
|---------|-----|-----|-----|
| Домалақ | ... | ... | ... |
| Тақыр | ... | ... | ... |
| Сұңғақ | ... | ... | ... |

1. **Жазылым.** «Менің мәтіннен алған әсерім» кестесін толтырыңыз.

| Қандай жаңа ой пайда болды? | Не сезіндім? | Не ұнады/не ұнамады? |
|-----------------------------|--------------|----------------------|
| | | |
| | | |
| | | |

2. **Айтылым. Жазылым.** «Кім жылдам» ойыны?

| | |
|--|--|
| I қатар. Кім? сұрағына сөз ойлау. | |
| II қатар. Не? сұрағына сөз ойлау. | |
| III қатар. Осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру. | |

Рефлексия.

| | | |
|--------------|-----|-------------------|
| Мен | ... | үйрендім |
| Мен | ... | білдім |
| Маған | ... | Қиын болды |

| | |
|-------------|--|
| Баға | |
|-------------|--|

Нәтиже сабақ

1. Жай сөйлемнің ережесін табыңыз.

- A) бір ғана ойды білдіреді, бір интонациямен айтылады
- B) екі немесе одан көп жай сөйлемнен тұрады
- C) күрделі ойды білдіреді
- D) дыбыстардың жазудағы таңбасы
- E) адамның әр түрлі көңіл күйін білдіру

2. Антоним болатын сөздерді табыңыз.

- A) бар, жүр
- B) ақ, кара
- C) айту сөйлеу
- D) отыр, жүру
- E) көру, оқу

3. Жайылма сөйлемді табыңыз.

- A) Шашымды Әубәкір шал кеше ғана ұстарамен сыпырып алып тастаған.
- B) Қожа – қызғаншақ, мақтаншақ
- C) Мектеп
- D) Бала арманы
- E) Жасым он екіде

5. Ілік септікте тұрған сөзді табыңыз.

- A) тәуелсіздік
- B) шашымның
- C) мектептен
- D) оқудағы
- E) бесінші

6. Тұйық етістік жұрнағын көрсетіңіз.

- A) -ған
- B) -а
- C) -й
- D) –е
- E) – у

7. Әжесі Қожаны кейде атын атамай, қалай атағанын көрсетіңіз.

- A) балапаным, құлыным
- B) күнім, тәмпішім
- C) тампыш неме
- D) бұзық неме
- E) сотқар неме

| | |
|------|--|
| Баға | |
|------|--|

III. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАН- ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ

3.1. Қызыл кітап

Оқылым. Жазылым. 1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Хронологиялық кестені толтырып жазыңыз.

Қызыл кітап 1948 жылы әлемде алғаш рет «Табиғатты қорғау» одағы құрылды. Бұл одақ бірінші рет жер бетінен жойылып бара жатқан жануарлар туралы кітап шығарды. Ол кітап «Қызыл кітап» деп аталды. «Қызыл кітап» деген атауды ағылшын ғалымы Питер Скотт ұсынды.

«Қазақстанның Қызыл кітабы» алғаш рет 1978 жылы шықты. Онда тіркелген жануарлар мен өсімдіктер түрлері туралы қысқаша қазақша, ағылшынша деректер берілген. Сонымен бірге әрбір тіркелген жануарлар суреті, Қазақстанның аумағында таралу картасы және ол туралы ақпарат көрсетілген.

Қазақстанда құстардың 18 отрядқа жататын 489 түрі бар. Олардың 58-і «Қызыл кітапқа» тіркелген. Оларды адамдар көп аулайды. Сол себепті азайып барады. Қазір олар қорғауға алынған.

«Қазақстанның Қызыл кітабына» өсімдіктердің 307 түрі кірген. «Қызыл кітапқа» қазақ жеріндегі барыс, аққу, бүркіт, бірқазан, тырна, қызыл қасқыр және тағы басқа аңдар мен құстар да тіркелген.

қосымша: <https://youtu.be/LX7eL6iSHT0>

Хронологиялық кестені толтырып жазыңыз.

| |
|---------------|
| 1948 ж |
| 1978 ж |
| 18 |
| 489 |
| 58 |
| 307 |

2-тапсырма. Мәтін бойынша кестені толтырыңыз.

| | | | |
|-------------|------------------|---------------------------------|--------------------------|
| «V» білемін | «+» білмеймін | «-» мен үшін жаңа ақпарат | «?» мені таң қалдырды |
| | | | |

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | |
|--|--|--|--|

Жазылым. 3-тапсырма. Мәтінге жоспар құрып жазыңыз.

| | |
|-------------|--|
| Баға | |
|-------------|--|

3.2. Қызғалдақты сақтайық!

1-тапсырма. «Қызғалдақ» сөзіне кластер құрастырып жазыңыз.



Жазылым. 2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңыз.

Кең байтақ қазақ даласы табиғи байлықтарға, алуан түрлі аса бай. Соның бірі- даланың сәні, белгісіндей болып шығатын қызғалдақ. Біздің жерімізде гүлінің 32 түрі Оның 12 түрі эндемикалық ,

яғни тек қана қазақ жерінде ғана өсетін қызғалдақ болып саналады. Сондықтан Қазақстан "Қызғалдақтың отаны" деп аталады.

(**Тиісті сөздер:** Өсімдіктерге, қызғалдақ, көктемнің, кездеседі).

Оқылым. Жазылым. 3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы, ақпарат жинаңыз.

Кең байтақ қазақ даласы **табиғи** байлықтарға, алуан түрлі өсімдіктерге аса бай. Соның бірі- даланың сәні, көктемнің белгісіндей болып шығатын қызғалдақ. Біздің **жерімізде** қызғалдақ гүлінің 32 түрі кездеседі. Оның 12 түрі эндемикалық , яғни тек қана қазақ жерінде ғана өсетін қызғалдақ болып саналады. Сондықтан Қазақстан "Қызғалдақтың отаны" деп аталады.

"Қай ел қызғалдақтың отаны?" деген сұрақ бойынша талас та бар. Дүниежүзінде **қызғалдақтың тұқымын** алып, өсіріп жатқан елдер көп. Бірақ Қазақстандағы қызғалдақтар табиғи таза, көпжылдық өсімдік болып саналады. Сондықтан олар хош иісті, айналасына ерекше **жұпар** шашып тұрады. Олардың **биіктігі** 30-35 см болады. Қызғалдақтың түстері де алуан түрлі болып келеді: қызыл, сары, қызғылт, қызыл сары және т.б. Қызғалдақтың ішінде көп кездесетіні-қызыл мен сары түстілері.

Біздің жерімізде өсетін қызғалдақтардың 18 түрі "**Қызыл кітапқа**" тіркелген. Сондықтан қызғалдақтарды көздің **қарашығындай** сақтау керек.

4-тапсырма. «Ривин кестесі» бойынша кестені толтырыңыз.

| Мәтін атауы | Тірек сөздер | Негізгі ақпарат | Қосымша ақпарат |
|-------------|--------------|-----------------|-----------------|
| | | | |

5-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерді аудармасымен дәптерге жазыңыз.

| | |
|------|--|
| Баға | |
|------|--|

3.3. Қасқыр мен тиін

1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып тапсырмаларды орындаңыз.

Ақ тиін бұтақтан-бұтаққа қарғып жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлайды. Қасқыр қарғып тұрып оны жегісі келеді. Ақ тиін жалынып:

- Мені жеме, жібер, - дейді.

- Жарайды, жіберейін, бірақ сен маған айт; неліктен сендер әр уақытта шат болып жүресіңдер?

Сонда ақ тиін: Мені жіберіңіз, сонан соң айтайын, әйтпесе жүрегім дірілдеп сөйлер алар емеспін, - дейді. Қасқыр ақ тиінді босатады. Ақ тиін ағаш басына шығып алып:

- Сен, қасқыр, залымсың, залымдық ішінді жандырады, сондықтан әрқашан қапалы жүресің. Біз ешкімге жауыздық істемейміз, сол үшін әр уақытта шат болып жүреміз,- депті.



Жазылым. 2-тапсырма. Берілген сөздерді сөз құрамына талдаңыз.

Үлгі: сабырлы: сабыр –түбір, -лы- сөз тудырушы жұрнақ.

Залымдық, қапалы, жауыздық, көңілді

3-тапсырма. «Менің мәтіннен алған әсерім» кестесін толтырыңыз.

| Қандай жаңа ой пайда болды? | Не сезіндім? | Не ұнады/не ұнамады? |
|-----------------------------|--------------|----------------------|
| | | |
| | | |
| | | |

3.4. «Қазақстан барысы»

1-тапсырма. «Барыс» сөзіне постер жасаңыз.

Айтылым. Жазылым.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. «Қазақстанның Қызыл кітабы» туралы не білесің?
2. «Қызыл кітапқа» енген қандай өсімдіктерді білесің?
3. «Қазақстан барысы» туралы мультфильмді көрдің бе?

Есте сақтаңыз!

Демеулік шылаулар

Демеулік шылаулар өздері тіркескен сөздерге түрлі мағыналық реңк жалғайды.


Сұраулық демеуліктер: ма,ме,па,пе,ба,бе,ша,ше

Нақтылық демеуліктер: ғой,қой,-ды,-ді,-ты,-ті

Жазылым. 3-тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып сөйлем құраңыз. Демеулік шылауларды қолданыңыз.

«Қызыл кітап», «Қазақстан барысы», жарыс, жеңімпаз.

Рефлексия.



Баға

| |
|--|
| |
|--|

3.5. Түлкі мен қырғауыл

Жазылым. 1-тапсырма. Берілген сөздерді жекеше түрде тәуелденіз. түлкі, ағаш, ертегі.

| | |
|-------------|----------------|
| Жақ | Оңаша тәуелдеу |
| 1-жақ | Менің ... |
| 2-жақ | Сенің ... |
| Сыпайы түрі | Сіздің ... |
| 3-жақ | Оның ... |
| Жақ | Оңаша тәуелдеу |
| 1-жақ | Менің |
| 2-жақ | Сенің |
| Сыпайы түрі | Сіздің |
| 3-жақ | Оның |

2-тапсырма. Мәтін бойынша кестені толтырыңыз.

| «V» білемін | «+» білмеймін | «-» мен үшін жаңа ақпарат | «?» мені таң қалдырды |
|-------------|---------------|---------------------------|-----------------------|
| | | | |

3-тапсырма. Өзіңіздің оқыған ертегі бойынша ұнаған кейіпкердің суретін салыңыз.

| |
|--|
| |
|--|

Баға

| |
|--|
| |
|--|

3.6. Тауды мекендейтін аң-құс

Жазылым. 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Қандай жабайы аңдарды білесіз?
2. Олардың мінездері қандай болады? (ақылды, айлакер, қорқақ, сак, төзімдіт.б.)
3. Туда мекендейтін қандай аңдарды білесіз?
4. Туда мекендейтін қандай құстарды білесіз?

қосымша: <https://youtu.be/TrjI54lazmg>


| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

2-тапсырма. Сөздерге фонетикалық талдау жасаңыз.

Аңдар, бүркіт, қырғауыл, мекен

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

3-тапсырма. Диаграммаға тауда мекендейтін құстарды жазып толтырыңыз.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгенінді әр ой бөлікке белгілеп жазыңыз.

| Мен білетін ақпарат (V) | Мен үшін жаңа ақпарат(+) | Білгім келетін ақпарат (?) |
|-------------------------|----------------------------------|----------------------------|
| Құстар туралы білемін | Бүркт қолға үйренетінін білмедім | Құстардың еті пайдалы ма? |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

Рефлексия.

Маған -----
----- қиын болды.

Мен -----
-----сияқты тапсырмаларды орындадым.

Мен-----
-----екенін түсіндім.

Мен-----
-----үйрендім

| | |
|------|--|
| Баға | |
|------|--|

IV. ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕР МӘДЕНИЕТІ

4.1. Көшпелілер туралы түсінік

Жазылым. 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Көшпелілер төрт түлік малдан қандай өнімдер алған?
2. Осы төрт түлік малдың ішінен көшпелілер қайсысын ерекше қастерледі?

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

ТЖ. 2-тапсырма. Топтық жұмыс. ИНСЕРТ әдісі бойынша ойыңызды айтыңыз.

1-топ: Көшпелілердің баспаналары туралы және баспана түрлерін анықтайды.

2-топ: Киіз үй және олардың түрлері туралы айтады.

3-топ: Қолданбалы өнер туралы мағлұмат береді.

Тілдік бағдар!


Мағыналарына қарай есімдіктер жеті топқа бөлінеді.

| жіктеу | сілтеу | сұрау | өздік | белгісіздік | болымсыздық | жалпылау |
|---|--|--|----------------------|---|---|--|
| мен, сен, сіз, ол, олар біз. | бұл, сол, мынау, осы, міне, анау. | Кім? не? неше? қай? қалай? қашан? | өз, өзім, өзі. | кейбіреу, әлдеқайда, әлдеқандай, әрқалай | ешкім, ешқашан, ешқайда, ешқандай. | бәрі, бүкіл, барлық, бүтін, түгел. |

Жазылым. 3-тапсырма. «Тұмар патшайым кім?» деген сұраққа жауап беріңіз, оны сызба түрінде жазыңыз.



Рефлексия.



| | |
|-------------|--|
| Баға | |
|-------------|--|

4.2. Алтын адам

Жазылым. 1-тапсырма. Сөздерді тіркестіріп жазыңыз.

| | | |
|---|---------------------|---------------------------|
| 1 | Алтын адам киімінің | құнды археологиялық олжа. |
| 2 | Әзірге құпия | әлемде теңдесі жоқ. |
| 3 | Бұлар | күйінде қалып отыр. |

2--тапсырма. Берілген сөздердің аудармасын дәптеріңізге жазыңыз.

| | |
|----------------------|--|
| Түйін түйю- | |
| Құйма әдістері- | |
| Әшекей заттары- | |
| Ғарыштық ой жүйесін- | |
| Бедерленген - | |
| Құмыра - | |
| Алтынмен апталған- | |

Жазылым. 3-тапсырма. Сөздерге фонетикалық талдау жасаңыз.
Алтын, көшпенді, байлық.

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

| | |
|-------------|--|
| Баға | |
|-------------|--|

V. СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

5.1. Сусыз өмір жоқ

Жазылым.

1-тапсырма. Грамматикалық тапсырма. Мәтін ішінен тауып жазыңыз.

| зат есім | сын есім | етістік |
|----------|----------|---------|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

Жазылым. 2--тапсырма. Берілген есептік сан есімдерден реттік сан есімдер түрінде оларды сөзбен дәптеріңізге жазыңыз. 5, 7, 33, 405, 43, 2, 20

| |
|--|
| |
| |
| |

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

Оқылым. Айтылым. 3--тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Мәтінге тақырып қойыңыз.

Су- тіршілік негізі. Сусыз өмір жоқ. Жер шарынның көп бөлігін су алып жатыр. Бірақ сол судың тоқсан пайызы адам өмірі үшін, өсімдіктер мен жан - жануарлар тіршілігі үшін жарамсыз тұзды сулар. Оның тек 2,5 пайызы ғана тұщы су.

Біздің елімізде су қоймалары көптеп саналады. Бірақ өзіміздің экологияға жауапсыз қарауымыздан қаншама көлдер, өзендер, теңіздер ластанып жатыр. («Экология» журналынан)

Мәтіннің тақырыбы:-----

| | |
|-------------|--|
| Баға | |
|-------------|--|

5.2. Судың пайдасы

Жазылым. 1-тапсырма. Судың пайдасы туралы шағын мәтін құрастырып жазыңыз. Сан есімдерді қолданып жазыңыз.


| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

Жазылым. Оқылым. 2-тапсырма. Семейде тұратын досыңызға судың пайдасы туралы хат жазыңыз. Хатыңызды сыныпта оқып беріңіз.

Айтылым. 3-тапсырма. Көршіңізге төмендегі сұрақтарды қойып, диалог құрыңыз. Есімдіктің түрлерін қолданыңыз.

- Сәлем, Айдын!
- Сәлем, Әсел!
- Бүгін ауа рай қандай?

- _____
- Сен судың пайдасы туралы білесің бе?
- _____
- _____



| | |
|-------------|--|
| Баға | |
|-------------|--|

VI. Әлемдегі ірі кітапханалар

6.1. Кітап - бағалы сыйлық

Оқылым. Айтылым. 1-тапсырма. Мәтінге тақырып қойыңыз.

Әбу Насыр әл-Фараби-Шығыстың ұлы ойшыл, ғалымы. Түркістан облысындағы Отырар қаласында туған. Фараби ортағасырлық білім-ғылымның барлық саласын қамтитын орасан зор мұра қалдырды. Сол үшін оны көзі тірісінде- ақ әлем ғалымдары «Екінші ұстаз» деп атады. Фараби трактаттарының саны ек жүзге жуық. Бізге ойшылдың 80-нен астам шығармасы жетті.

Мәтіннің тақырыбы:

Жазылым. 2—тапсырма. Мәтіндегі жаңа сөздердің аудармасын тауып жазыңыз.
Ойшыл –

Орта ғасыр –.....
 Дүниежүзі –
 Шығармасы -.....
 Мұра-.....

3-тапсырма. «Менің мәтіннен алған әсерім» кестесін толтырыңыз.

| Қандай жаңа ой пайда болды? | Не сезіндім? | Не ұнады/не ұнамады? |
|-----------------------------|--------------|----------------------|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

Айтылым. 4-тапсырма. «Кім жылдам» ойыны?

| | |
|--|--|
| I қатар. Кім? сұрағына сөз ойлау. | |
| II қатар. Не? сұрағына сөз ойлау. | |
| III қатар. Осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру. | |

| | |
|-------------|--|
| Баға | |
|-------------|--|

| | | |
|--------------|-----|-------------------|
| Мен | ... | үйрендім |
| Мен | ... | білдім |
| Маған | ... | Қиын болды |

6.2. Абай. Ғылым таппай мақтанба

Оқылым. Айтылым. 1-тапсырма. Өлеңді оқыңыз.

Ғылым таппай мақтанба,
 Орын таппай баптанба,
 Құмарланып шаттанба,
 Ойнап босқа күлуге.
 Бес нәрседен қашық бол,
 Бес нәрсеге асық бол,
 Адам болам десеңіз.
 Тілеуің, өмірің алдында,
 Оған қайғы жесеңіз.
 Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.
Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз.

Түсіндірме: Нәфрәтлі – жеркенішті деген сөз.
Ғибрәтлі – үлгі деген сөз.

2-тапсырма. Берілген сұраққа жауап беріңіз.

1. Ақын жастарды неге шақырады?
2. Абай қандай нәрселерден қашық бол дейді?
3. Абайдың бес асыл іс дегені нелер?
4. Ғылым таппай мақтанба
Орын таппай баптанба- дегенін қалай түсінесің?

Жазылым. 3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, өлең жолдарын жазыңыз.

Бес нәрсе... қашық бол,
Бес нәрсе... асық бол,
Адам болам десеңіз.

Айтылым. 4-тапсырма. «ПОПС формуласы» бойынша өз пікіріңді дәлелдеңіз.

Менің ойымша, _____

Оны былай түсіндіремін: _____

Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдеймін: _____

Ойымды былай қорытындылаймын: _____

Баға

6.3. Нәтиже сабақ

Жазылым. 1-тапсырма. Диаграмманы толтырыңыз.



2-тапсырма. «Ғылым» сөзіне фонетикалық талдау жасаңыз.

Айтылым. 3-тапсырма. «Кім жылдам» ойыны?

| | |
|--|--|
| I қатар. Кім? сұрағына сөз ойлау. | |
| II қатар. Не? сұрағына сөз ойлау. | |
| III қатар. Осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру. | |

Жазылым. Айтылым. 4-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз.

| | |
|----------|--|
| Молоко - | |
| Любит - | |
| Корова - | |
| Лошадь - | |
| Рога - | |
| Доить - | |
| Горб - | |

Жазылым. 5-тапсырма. Өзің жақсы көретін табиғаттың суретін салыңыз және шағын мәтін құрап жазыңыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тілі мен әдебиеті «Бәйшешек» 5-сынып оқулығы. 1- бөлім. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина, Р.С. Рахметова, Қ. С. Жайлаубаева. -Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2017.-132б.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті «Бәйшешек» 5-сынып оқулығы. 2 -бөлім. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина, Р.С. Рахметова, Қ. С. Жайлаубаева. -Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2017.-140б.
3. Қазақ тілі: Учебник для 8 классов общеобразовательных школ с русским языком обучения. С. Жуманова, Д. Актайлакова, «Мектеп», 2008.-208с.
4. Қазіргі қазақ тілі. Ахмеди Ысқақов. Алматы: Ана тілі, 1991.-384б.
5. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. (09 желтоқсан 2020)
6. Ахметова К.К. Научно-методическая работа педагогов организаций образования. Методическое пособие. Астана, 2014.-56с.
7. Табиғат. Энциклопедия. Қазақ тіліне аударған М. Әкімжанов.-Астана. 2012.-160б.- «Балалар энциклопедиясы» сериясы.
8. Балалар энциклопедиясы; Б.Ғ. Аяған – Алматы: 2008.-296б.
9. Қазақ мақал-мәтелдері. М. Аққозин.-Алматы: Қазақстан, 1990. 288б.
10. Өзін- өзі тану. А.С. Сейтақов, М. И. Нүсіпбекова, Ж.Ж. Әкімбаева,Ә.Б. Арғымбаева, С.А.Сейлғазина. Алматы. «Бөбек», 2010.-96б.
11. Абайтану.Р. Зайкенова., «Арман-ПВ», 2016.-400б.
12. Утеубаева А.З, Амрина Г.К.,Бейсембаева Н.Н учебное пособие казахского языка I-II часть. Алматы: Дәуір,-1997.-112с.
13. М. Мақатаев. Күнделік. Алматы: Жалын, 1991.-47б.
14. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.-480б.
15. Ана тілім-азығым, адастырмас қазығым. Мақтым Шәбжантайқызы. Көкшетау-2002.-98б.